

ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 31 тамыз 2024 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының барысы»

Мақсаты: Балабақшада тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту.

Төрайымы: меңгеруші м.у.а Момбекова М.Д

Хатшысы: Даутова Ж.О

Барлық педагогтар саны: -11

Қатысқан педагогтар саны: -11

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.
Меңгеруші: Момбекова М.Д
2. Жас мамандармен таныстыру, тәлімгер бекіту. Әдіскер: Құттыбек Н.Н
3. 2024-2025 оқу жылында бекітілген топтармен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту. Меңгеруші: Момбекова М.Д
4. Балабақша педагогикалық ұжымын 2024-2025 оқу жылының нұсқау хатымен таныстыру, ондағы өзгерістерді талқылау. Әдіскер: Құттыбек Н.Н
5. Балабақшаның жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарларын, оқу жоспарын, балалардың күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылау, бекіту. Әдіскер: Құттыбек Н.Н
6. 2024-2025 оқу жылында арналған балабақшаның даму стратегиялық жоспарын бекіту. Меңгеруші: Момбекова М.Д
7. Педагогтердің өз білімін көтеру бағытында 2024-2025 оқу жылына арналған жоба тақырыптарын бекіту. Әдіскер: Құттыбек Н.Н
8. Балабақшаның іс номенклатурасына өзгеріс енгізу және бекіту.
Момбекова М.Д

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Момбекова М.Д педагогтерді жазғы сауықтыру шараларының жоспар бойынша жүзеге асырылғанын айтып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып, педагогикалық кеңестің өз құрамынан бір жылдық мерзімде хатшы сайлау керектігін айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер: Құттыбек Н.Н

Әдіскер тәрбиеші Даутова Ж.О хатшы етіп сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші даутованы сайлауды ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. педагогикалық кеңестің хатшысы болып сайлансын.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, әдіскер Құттыбек Н.Н жаңа оқу жылында педагогикалық ұжымға жаңадан қосылған жас мамандарды атап, оларға әдістемелік көмек көрсететін тәлімгерлерді тағайындады

ШЕШІМІ:

1. Олар Құлақметова А.А, Тайтелі Н.Қ

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын үшінші мәселе бойынша меңгерушісі 2024-2025 оқу жылындағы топтарғы жауапты тәрбиешілерін тағайындады.Олар:

Топтар	Жасы	Балалар саны	Тәрбиешілері
«Балапан» ортаңғы тобы	3 жастағы балалар	25	Құлақметова А.А
«Гүлдер» ортаңғы тобы	3 жастағы балалар	25	Тайтелі Н.Қ
«Ақайша» ортаңғы тобы	3 жастағы балалар	25	Сералиева Н.О Момбекова М.Д
«Солнышко» ортаңғы орыс тобы	3 жастағы балалар	25	Аташева Г.Б
«Айшуақ» ересек тобы	4 жастағы балалар	25	Юсупова Э.К Ахметова Г.Д
«Дана» ересек тобы	4 жастағы балалар	25	Даутова Ж.Ю
«Шұғыла» Мад тобы	5 жастағы балалар	25	Маюсупова М.Б
«Радуга»Мад орыс тобы	5 жастағы балалар	25	Аманбекова А.У Құттыбек Н.Н

ШЕШІМІ:

1.2024-2025 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Құттыбек Н.Н педагогтерді 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хатта 2024-2025 оқу жылындағы белгіленген негізгі міндеттердің бағытын атады.Соның негізінде балабақша 2024-2025 оқу жылына белгілеген міндеттері төменгідей екенін атады:

- Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- «Бір тұтас- тәрбие» жобасы аясында шаралар ұйымдастыру арқылы балаларды Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.

Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған 2024-2025 оқу жылындағы басшылыққа алатын 18 нормативтік құқықтық құжаттарды атады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру білім беру ұйымдарының топтарында заттық-дамытушы ортаны талапқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынын ескертті. Заттық-дамытушы ортаның балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта болуы керектігі айтылды.

Ағымдағы оқу жылының циклограммасына ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждары тақырыбында сюжетті-рөлдік ойындар жоспарлауы ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақша педагогтеріне 2024-2025 оқу жылына арналаған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны таныстырылсын.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Құттыбек Н.Н 2024-2025 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды. Онда негізгі 5 бөлімнің қаралатыны айтылды: 1) Салауатты өмір салтын ұйымдастыру; 2) Кадрлармен жұмыс, 3) Білім беру процесін ұйымдастыру, 4) Әлеуметпен жұмыс, 5) Басқару мен басшылық. Әр бөлімнің өзіне тиесілі тармақтары бар екені және сол бойынша жұмыс атқарылатыны айтылды.

Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайтынын айтты. Циклограммада ұйымдастырылған іс-әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланатынын, циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып, шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайтыны айтылды.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекеттер бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылып, Перспективалық жоспарда айқындалған әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша міндеттерге жету үшін бір күнге бірнеше міндеттер айқындалатыны айтылды. Осыған сәйкес балабақшада құрылған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі мен күн тәртібін ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның 2024-2025 оқу жылына арналаған оқу мен тәрбие жоспары талқыланып, бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективтік жоспары талданып,

3.Балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметтер кестесі бекітілсін.

1. Балабақшаның іс номенклатурасына өзгеріс енгізіліп, бекітілсін.

Даутова Ж.Ю

**ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.**

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 22 қараша 2024 жыл

Түрі: Тақырыптық кеңес

Тақырыбы: Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

Төрайымы: Құттыбек Н.Н

Хатшысы: Даутова Ж.О

Барлық педагогтар саны: 11

Қатысқан педагогтар саны: 11

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру»

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі №4 педагогикалық кеңесте аралық мониторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажеттетін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері «біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты?» деген сауалды ортаға салды. (таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс). Одан әрі «Денсаулық дегеніміз не?», «Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?» деген сауалдарды ортаға салып талқылады.

"Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында

педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалсын.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Дене шынықтыру нұсқаушысы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Даутова Ж.Ю



Құттыбек Н.Н

ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 30 қаңтар 2025 жыл

Түрі: Дәстүрлі

Тақырыбы: Тәрбиеленушілердің қарым-қатынас дағдысы

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру

Төрайымы: Құттыбек Н.Н

Хатшысы: Даутова Ж.Ю

Барлық педагогтар саны:11

Қатысқан педагогтар саны: 11

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
 2. Жаңа «Шах» кіші тобымен және тәрбиешісімен таныстыру
 3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама
 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
 4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі
- КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:** «Отанды, ана тілін сүйеге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу»

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалғанын, сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тауып жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі СЭС қорытындысы және Төлеби ауданының білім бөлімінің рұқсатымен «Шах» кіші тобы 2 жасар 20 бала қабылданғаны жайында және балабақшада 200 бала саны өзгермейтіні туралы айтты. Сонда «Шах» кіші тобы, «Шұғыла» МАД тобы, «Радуга» МАД тобы, «Айшуақ» ересек тобы, «Балапан» ортаңғы тобы 20 баладан, ал «Гүлдер» ортаңғы тобы, «Ақайша» ортаңғы тобы, «Солнышко» ортаңғы тобы, «Дана» ересек тобы -25

баладан болатындығын айтты. «Шах» кіші тобына тәрбиеші Қалдыбек Н.Д тағайындалғаны жайлы айттылды.

Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалғанын, сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тауып жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада 200 бала, 9 топ болды деп есептелінсін. Балалардың жан-жақты дамуына жағдайлар жасалынсын.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

4. **Үшінші мәселе бойынша,** тәрбиеші «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Онда мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативті құзыреті және оның құрылымы үш компоненттен (мотивациялық-жеке, мінез-құлық және танымдық элемент) тұратынын атап, оларға жеке тоқталды. . Ол үшін, оқу үдерісінде балалармен қарым-қатынас жасағанда, біз белгілі бір ережелерді сақтауы керек. Мәселен, әрбір баламен жеке байланыс орнатылуы тиіс, сіз баланың көз деңгейінде сөйлесу керексіз, баланың ойын соңына дейін тыңдаған жөн т.б.

ШЕШІМІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізілсін.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдікері «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» тақырыбында кеңес берді.

«Ойын қызметін ұйымдастыруда әр балаға жеке тұлғалық қатынас баланың тұлғалық дамуында маңызды мағынаға ие. Осыны жақсы түсіне біліп, ойынды ұйымдастырғанда ұялшақ, өте белсенді, физикалық немесе психикалық дамуы тежеулі, ашуланшақ, ұрыншақ, ешкіммен араласа қоймайтын балалардың әрқайсысының жеке қасиеттерін ескере ұйымдастырған жөн» - деп кеңес берді

ШЕШІМІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игерту қолға алынсын.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

Бесінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Амангелді Қ.Н аралық мониторинг нәтижесін диаграмма арқылы көрсетті. Мониторинг баланың

жетістіктерін қадағалау, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру және баланың Үлгілік бағдарларма мазмұнын игеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетінін айтты. Соның негізінде, аралық мониторинг 2025 жылдың қаңтар айында 9 топта жүргізілгенін айтты. Оның ішінде 1 кіші топ, 4 ортаңғы топ, 2 ересек топ, 2 мектепалды даярлық тобы. Барлық топ бойынша бала саны - 145.

Бұл көрсеткіштер әр жас ерекшелік бойынша салыстырмалы түрде көрсетілді және анықтамасы тәрбиешілер тарапынан да, әдіскер тарапынан да айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Педагогтар аралық мониторинг нәтижесіне сәйкес балаларды тәрбиелеу және дамыту тәсілдерімен қамтамасыз етіп, түзету іс-шаралары жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Құттыбек Н.Н

Хатшы:

Даутова Ж.Ю

ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 4 хаттамасы

Қатысқаны: 11

Балабақша меңгерушісі: Құттыбек Н.Н

Балабақша Педагогтері: 11

Қатыспағаны: жоқ

12.03.2025ж

Күн тәртібіндегі мәселелер.

Тақырыбы: «Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз» Дөңгелек үстел

Күн тәртібі.

1. Педагогтар кеңесі тақырыбына кіріспе сөз.
2. Тақырыптық шолудың қорытындысы туралы.
3. ЗАТТЫҚ – КЕҢІСТІКТІК ДАМУШЫ ОРТАНЫ

ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.2024-2025 жылы балабақша педагогтарына санат беруді талқылау.

. Әдіскер: Амангелді Қ.Н № 3 педагогикалық кеңес шешімдерінің нәтижелерімен танысты., шешімнің барлық тармақтары орындалды.

1. Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Құттыбек Н.Н мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының мақсаттарын, міндеттерін және негізгі принциптерін тағы бір рет еске түсірді. Ол жаңа құжатта мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылығы сақталатын және мектеп жасына дейінгі баланың табиғаты сақталған балаға және ойынға жеке көзқарас бірінші орынға қойылғанын атап өтті.

Балалар іс-әрекетінің жетекші түрлері: ойын, қарым-қатынас, қимыл- қозғалыс, танымдық зерттеу, өнімді және т.б болады. Балалармен жұмыстың белгілі бір формалары бала әрекетінің әрбір түріне сәйкес келетінін атап өткен жөн. Өзірленген стандарт білім берудің оқу-тәртіптік моделін мектеп жасына дейінгі баланың өміріне көшіруге мүмкіндік бермейді.

Мектеп жасына дейінгі бала бұл ойнайтын адам, сондықтан стандартта оқыту баланың өміріне балалар ойынының қақпасы арқылы енетінін қарастырады.

Педагогикалық ұжым кәсіби шеберліктің үлгісі болуы керек, нәтижелі жұмыс істеу үшін қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға атсалысуы керек екенін атап өтті.

2. Тындалды:

әдіскер Амангелді Қ.Н мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің негізгі міндеті балаларда эмоционалдық жайлылық пен психологиялық қауіпсіздік сезімін қалыптастыру екендігіне назар аударды. Балабақшада баланың өзін жақсы көретінін және бірегейлігін сезінуі маңызды. Сондықтан оқу-тәрбие процесі өтетін ортаның да маңызы зор. Білім беру жүйесі өмірлік маңызды функцияны орындайды, атап айтқанда, оқушылардың әлеуметтік тәжірибе әлеміне енуіне көмектесу және қолдау функциясы. Оқыту мен тәрбиелеудегі қажетті жағдайлардың бірі мектепке дейінгі білім беру мекемесінде дамушы кеңістік құру болып табылады. Топтық бөлмеде, мамандар кабинеттерінде, киім ауыстыратын бөлмелерде объектілік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыра отырып, тәрбиешілер әрбір баланың жеке басының негізгі сипаттамаларын қалыптастыруға ықпал ететін барлық нәрсені ескеруі керек: мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық даму заңдылықтары., олардың денсаулығының көрсеткіштері, жалпы және сөйлеу даму деңгейі, сонымен қатар эмоционалдық- қажеттілік саласы. Меңгеруші объектілік-кеңістіктік даму ортасын ұйымдастырудың тиімділігін анықтау мақсатында «Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес объектілік-кеңістіктік даму ортасы » тақырыптық бақылаудың қорытындысын жариялады. Бақылау барысында мемлекеттік білім стандартына сәйкес талдау жасап мыналарды анықтады:

барлық дерлік топтар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай безендірілген және жабдықталған, СанПин талаптарына сәйкес, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

- Барлық топ бөлмелерінде аймақтар анық белгіленген. Барлық жас топтарында субъектілік-кеңістіктік дамушы ортаны жасау кезінде түрлендіру, өзгермелілік, қолжетімділік және қауіпсіздік принциптері сақталады. Бұл балалардың эмоционалдық әл-ауқатын, өзін-өзі көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, балалардың ойын, танымдық, зерттеушілік, шығармашылық, дене белсенділігін ынталандырады, эксперимент жүргізу мүмкіндігі;

барлық ойын жабдықтары санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға, гигиеналық, педагогикалық және эстетикалық талаптарға сәйкес болуы;

мектепке дейінгі білім беру мекемесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету іске асырылып жатқан бағдарламаларға сәйкес келеді. Және келесі ұсыныстар беріледі:

1. Кеңістікті (тәрбиешілерде де, балалар да) өз бетінше өзгертуге мүмкіндік беретін мектепке дейінгі білім беру мекемесінің және топтарының пәндік ортасын икемді және серпінді ұйымдастыру.

2. Ойын, кітап бұрыштарын толықтыру.

3. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес топтардың пәндік- кеңістіктік даму ортасын жабдықтауды жалғастыру керектігі айтылды.

3. Дамытушы орта баланы әрекетке ынталандырады, оны тұлға ретінде дамытады, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал етеді.

Осылайша, заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану деді. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- | | |
|-------------|------------------|
| - қауіпсіз; | - көп атқарымды; |
| - әртүрлі; | - өзгермелі; |
| - мазмұнды; | - тартымды. |

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

2) ересек және мектепалды даярлық топтарында:

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.

3. Мад топтарда Сонымен қатар, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында барлық топтарда ойыншықтар мен ойын материалдарын толықтырып отыру қажет. Көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды

(арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын жүзеге асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады деп айтты.

Қаулы:

1. Мемлекеттік білім стандартын енгізуге қолдау көрсете отырып, бекітілген кестеге сәйкес жұмысты жалғастыру.
2. Тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес ұйымдастыру бойынша және жабдықтау тәрбиешілердің жұмысын қанағаттанарлық деп танылсын және қайта жабдықтау бойынша жұмысты жалғастырсын.
3. Импровизациялауға ыңғайлы материалдармен жабдықталсын.
4. Құттыбек Н.Н сөз сөйлеп. Педагогтер арасынан жетістіктерге жетіп, ауданнан марапатталған өз мақалаларын ақпарат беттерінде (газет журналдарда) жариялаған білікті педагогтар 17 қазан №530 бұйрығын орындау мақсатында балабақшаның аттестация комиссиясының шешімімен төмендегі тәрбиешілерге санат беру керектігін атап айтты.

1. Даутова Ж.Ю- балабақша тәрбиешісі

2. Сералиева Н.О—балабақша тәрбиешісі

3. Маюсупова М.Б-балабақша тәрбиешісі

4. Нурлибаева У.Е-балабақша тәрбиешісі

Жиналыс төрайымы: Құттыбек Н.Н



Жиналыс хатшысы:

Даутова Ж.Ю

ЖШС «Ақбота-Ару» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

№ 5

Өткізілген уақыты: 29.05.2025 ж

Түрі:Қорытынды

Тақырыбы: 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау

Мақсаты:Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау

Төрайымы: Құттыбек Н.Н

Хатшысы: Даутова Ж.Ю

Барлық педагогтар саны:11

Қатысқан педагогтар саны: 11

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің, психологтың, медбикенің 2024-2025 оқу жылының қорытынды есебі.
3. Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын тест нәтижесімен таныстыру. Тренинг: Сейдалиева С
4. 2024-2025 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау.
5. Әр түрлі мәселелер:
- Жазғы сауықтыру іс-шаралары

Қаралды

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Құттыбек Н.Н педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды. Сонымен қатар, №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде ақпарат берді.

ШЕШІМІ:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, барлық топтың тәрбиешілері, психолог, логопед, медбике 2024-2025 оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатағы бала саны, ұлты туралы ақпарат берді. Тәрбиешілер өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Мамыр айында жеңіс күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен. Мамыр айында МАД тобының балабақшамен қоштасу мерекесіне тоқталып кетті.

Шешімі: Балабақша педагогтарының 2024-2025 оқу жылындағы қорытынды есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша логопеді өзінің жоспарына сәйкес балалармен, педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмыс жоспарының қорытындысын айтты.

Шешімі: МАД топ балаларының мектепке дайындығы анықталып, қорытындысы ата-аналарға таныстырылсын.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері Амангелді Қ.Н 2024-2025 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

Балабақшада меңгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. 2025 жылдың қорытынды мониторингі 15 мамырда 9 топта жүргізілді. Оның ішінде 1 кіші топ, 4 ортаңғы топ, 2 ересек топ, 2 мектепалды тобы. Жыл соңында барлық топ бойынша бала саны - 200.

Бұл мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

2024-2025 оқу жылының қорытынды мониторингінің нәтижесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын толық орындады.

Шешімі: Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері жаз мезгіліне әдіскер тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Ал, тәрбиешілерге арналған жаздық циклограмма жасау туралы айтты.

ШЕШІМІ:

1. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы



Құттыбек Н.Н

Хатшы

Даутова Ж.Ю